

Хаттама

Атырау облысы

15.11.2021ж

Қызылқоға ауданы

Сағыз ауылы, К.Жүсіпов №22

«Жалпы білім беретін №9 орта мектеп» КММ-сі

2021 жылдың 15 қарашасы күні Жалпы білім беретін №9 орта мектеп КММ-сі бойынша Қазақстан Республикасы Президенті атынан ұйымдастырылатын Жаңа жылдық шыршаға (президенттік шырша) әлеуметтік санаттарына қарай, сонымен қатар дарынды балаларды зерделеу арқылы жолдама бөліп, қатынастыру үшін Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті.

Қамқоршылық кеңесі отырысына қатынасқандар саны-9

1. Тұрған Еламан Ибрагимұлы-	Кеңес төрағасы
2. Калиева Аклай Ибраевна-	Атқарушы орган өкілі
3. Сүйінова Әйгерім Мараловна-	Құқық қорғау органы өкілі
4. Жәзит Ұлжан -	Жұмыс берушілер өкілі
5. Сатаева Жангүл Серикбаевна-	Әлеуметтік әріптестік өкілі
6. Бекбауов Тасболат Мырзабаевич-	Қайырымдылық жасаушылар өкілі
7. Кайыров Асет Сагинғалиевич -	Сыныптардан ата-аналар өкілі
8. Бимағанбет Талғат Қарасайұлы-	Сыныптардан ата-аналар өкілі
9. Әлібеков Мырзабек Әлібекұлы-	Сыныптардан ата-аналар өкілі
10. Избасова Самал Максотовна -	Хатшы

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылында Атырау қаласында ұйымдастырылатын Жаңа жылдық шыршаға қатынасуға құқығы бар білім алушыларды зерделеу;

2. Президенттік шыршаға қатынасатын оқушыны анықтап, жолдама беру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Е.Тұрған (кеңес төрағасы) сөз сөйлеп: Қазақстан Республикасы Президенті атынан ұйымдастырылатын Жаңа жылдық шыршаға (президенттік шырша) әлеуметтік санаттарына қарай, сонымен қатар дарынды балаларды зерделеу арқылы 2 оқушыға жолдама бөліп қатынастыруды ұйымдастыруды ұсынды.

Жарыссөз

Ұ.Жазит (жұмыс берушілер өкілі)-Бүгінгі кеңес отырысында қаралып отырған мәселе бойынша айтар болсам, әр жыл сайын ұйымдастырылатын Жаңа жылдық шыршаға қатынасуға атаулы әлеуметтік көмек алатын, көп балалы отбасы, мүмкіндігі шектеулі оқушылардан зерделеп, жолдама бөлу керек деген пікір білдіремін.

А.Калиева (атқарушы орган өкілі)- Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын осындай мерекелік шараларға қатынасуға әлеуметтік осал топ санаты бойынша білім алушыларға мүмкіндік беру керек. Осыған байланысты мектептегі әлеуметтік осал топ бойынша жолданған тізімді нақты саралап, анықтауды ұсынамын.

А.Кайыров (ата-аналар өкілі) Кеңес мүшелерінің пікірлеріне қолдау білдіре отырып, қатынас қағазда көрсетілген талапқа сай Жаңа жылдық шыршаға қатынасатын оқушының жас ерекшелігіне және өткен жылдары жолдама бөлініп қатынасқан балалардың қатыспауында ескеруіміз қажет. Бұл мерекелік шараға қатынасуға жолдаманы көп балалы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына беру керек деген ұсыныс айтамын.

Е.Тұрған (кеңес төрағасы)-Бүгінгі кеңес отырысы мүшелерінің ұсыныс-пікірлерін негізге ала отырып Қазақстан Республикасы Президенті атынан ұйымдастырылатын Жаңа жылдық шыршаға қатынасуға жолдаманы көп балалы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына дауысқа салу арқылы келісім беру керек деп ойлаймын (дауысқа салу)